

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮБРАҚТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР ТАБИҒАТЫНА ТӨН БЕЙНЕЛІЛІК

Алашбаева Жанна Нұрланқызы Магистрант,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҒУ, Астана қаласы
Ғылыми жетекші – Сәтенова Серікнұл Кәпешбайқызы

Қандайда бір тілдегі фразеологизмдерді алсақ та ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен, психологиясынан, менталитетінен хабардар етеді. Қандай да бір ұлттың мәдениетінде, сол ұлттың таным болмысы, тұрмыс тіршілігі сақталған. Туыстас тілдерді зерттеуде көптеген ұқсастықтарына қоса, көптеген айырмашылықтарын да байқаймыз. Ол біріншіден, қатар орналасқан елдердің тілінің ықпалы болса, екіншіден, жағдайды образды түрде қалай бейнелеп көрсетуіне де байланысты болса керек.

Тіл білімінің басқа салалары сияқты фразеология да бңгінгі таңда терезесі тең, дербес пәнге айналып отыр. Фразеология саласын тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптастыруда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және шетелдік ғалым-фразеологтардың еңбектері ерекше орын алады. М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Қайдар, Ә.Ысқақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздық, Г. Смағұлова, С.Сәтенова, Г.Сағидолда атақты ғалымдардың жалпы және салғастырмалы фразеология мәселелеріне арнап жазған қысқашы еңбектері жарық көрді.

Жалпы алғанда фразеологизмдер – кәркем ойдың жемісі. Онда ешбір тіркес бере алмайтын кәркем, бейнелі, астарлы мағына жатыр. Олар біздің уақытқа дейін жадымызда тұрақ уақыт сақталып, рухани қазынаға айналып, бңгінгі тұраққа жеткен тіл байлығының таусылмас қоры, сөз қолдану әнерінің негізі.

Ғалым Ә.Т. Қайдаровтың «Бңгінгі фразеологизм деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі бір замандағы кңнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан тілдегі кәрінісі» деген тұжырымы жоғарыда айтылған ойды дәлелдеп тұрғандай [1;50].

Бейнелеу бір нәрсені тікелей бейнелеуге пайдаланылмайды, ол тұқастықтарды анықтау тәсілі ретінде және оның негізінде жаңа тңсінікті қалыптастыру үшін пайдаланылады. Басқа кәзқарас бойынша, бейнелеу – номинация негізіндегі ассоциативті белгілердің жинағы.

Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдерді зерттеу арқылы қазақ және түрік елін, тілдік тұқастығын тани аламыз. Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. «Бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеріп, оның бейне бір тұңғыш теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп танып-білу, жңйелей тңсіп жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың мақсаты» деп тңсініктеме береді Ә.Қайдар өзінiң «Қазақ тілінің әзекті мәселелері» атты еңбегінде [1; 304].

Бейнелі түрде берілген тұрақты тіркестердің құрылымы ықшам, әрі айқын берілуіне байланысты ойды дәл жеткізуде өткірлігі соғұрлым арта тңседі.

Тіл-тілдегі сан алуан фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады да, олардың мәнерлеп бейнелеуші қызметі өте кңшті болады. Олардың көпшілігінің эмоциялық бояуы басым болып, айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады.

Фразеологиялық дңние бейнесінің тңп негізінде белгілі бір этномәдени тұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі процесінде қалыптасатын дңниені бейнелі, кәрнекі етіп көруі және тануы жатады.

Егер әлем, ғалам, дңние дегенді «адам және оның ортасының өзара байланысы» деп тңсінетін болсақ, «дңние суреті – адам және орта туралы ақпараттардың әңделуінің нәтижесі. Ал дңниенің тілдік суреті дегеніміз – этностың әлем жайлы қордалаған білімінің, әмір жүрген ортасын игеру барысында сан ғасырлар бойы жинақтаған құлттық - мәдени тәжірибесінің тілінде кәрініс табуы, бейнелеуі, шегенделіп бекуі» [2, 16].

Сөз де сыр сандық тәрізді. Сәті тңсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дңниетанымы туралы сыр шертіп тұрады [2, 12-бет].

Кәркем әдебиет тілінде образдылығы айқын, эмоциялық реңкі қанық фразеологиялық сөз орамдары жиі кездеседі. Әсіресе түрлі заттар мен құбылыстарды, сезімді дәл, нәзік бейнелейтін сөз айшықтарының алуан түрін фразеологиялық сөз орамдарынан тұшыратуға болады. Мысалы: гипербола – *қыл өтпестей; ине шаншар жер жоқ*, литота – *түйедейді түймедей етті*, синекдоха – *ауыздығы жол, аяқтыға сөз бермеді*, оксиморон – *жаңбыр жаумай мойнына су кетті; жіпсіз байланды, ілгері басқан қадамы кері кетті*, плеоназм – *ауыздан ауызға тарады; ақыр-аяғы, кетпен-таяғы*, синоним – *жуып-шайып отыр*,

айналасы аман, тәңірегі түгел; антоним – ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; не әліде, не тіріде жоқ [2].

Түрік елінде фразеологизмдердің мағыналық ерекшелігін бейнелеп, ғылыми тұрғыдан қадам жасаған Омер Асым Аксой болды. Ол фразеологизм мағынасына келесі бейнелі анықтама береді: «*Qekici bir anlatım kiligi taşıyan ve cogunun gercek anlamından ayrı bir anlamı bulunan, kahplaşmış sozctik topluklarına deyim denir*» [Aksoy, 1971; 49]. «Фразеологизм – сәзбе-сәз беруден бәлек және тнсіндірудің тартымды формасына ие белгілі бір мағынаны беретін тұрақты тіркес». Осыған ұқсас анықтаманы Yusuf Ziya Bahadinh былайша береді: «*iki veya daha fazla kelimededen meydana gelen, cogunlukla kendi oz anaminin dışında yeni bir anlam veren yazıyı ya da konuşmayı daha da guzellestiren soz bolumune deyim denir*» [Bahadinh].

«Фразеологизм – қандай да бір мағынаны білдіретін бір немесе бірнеше сәзден тұратын, жазбаша немесе ауызша сәзді бейнелеуде қызмет ететін сәздер тобы».

Қазақ және түрік тіліндегі фразеологизмдердің көбі адамға және оны қоршаған ортаға байланысты айтылады. Оларды төмендегідей бөліп кәрсетуге болады.

- адам мінезі мен оның ақыл-ойын бейнелейтін фразеологизмдер: Қарабайдай қатыгез; дала бүркітіндей қырағы

- адамның кәңіл-күйін сипаттайтын фразеологизмдерге: сең соққан балықтай; жарасын жалаған иттей; жаралы арыстандай аласұрды.

- адамның сыртқы келбетін сипаттайтын фразеологизмдерге: қырмызыдай ажарлы, ақ маралдай әдемі

- адамның қабілетін бейнелейтін фразеологизмдерге: он қолынан әнері тамған; бит қабығынан биялай тоқыған; ағаштан түйін түйген.

- адамдардың қарым-қатынасын білдіретін фразеологизмдерге: жыландай жек кәру; құлындай шыңғырту.

- заттың сапасын сипаттайтын фразеологизмдерге: кәздің жасындай таза (мәлдір), жаман түйенің жабуындай (келіссіз).

- түсті сипаттайтын фразеологизмдерге: ақ бәкеннің таңындай; орман түлкісіндей қызыл; сүттей ақ.

- заттар мен құбылыстардың көлемін сипаттайтын фразеологизмдерге: қойдың құмалағындай; ешкінің асығындай; иненің жасуындай.

- ара-қашықтықты сипаттайтын фразеологизмдерге: есік пен тәрдей; ат шаптырымдай жер; қозы/қой әрісіндей жер.

- уақыт әлшемін сипаттайтын фразеологизмдерге: бие сауымдай уақыт; сүт қайнатымдай уақыт; қас қаққандай.

Екі тілдегі мағыналары ұқсас бейнелі фразеологизмдерді соматикалық тұрғыдан, адамның бет пішіні, кәңіл-күйі, мінезіне байланысты бөліп кәрсетуге болады, сонымен қатар тәрт түлік малға байланысты, наным-сенімге байланысты және әлшем бірлікке байланысты да бөліп кәрсетуге болады.

Соматикалық тұрғыдан :

1) *Başı kazan olmak* (басы қазан болу) – Басы қазандай болу – а) «кәп ұйқыдан басы ісу»; ә) «қатты шаршағаннан басы ауыру»; б) «мәселенің шешімін таба алмай, тығырыққа тірелу».

2) *Başı yastık /yüzü/ görmemek* (басы жастық/жнзін/ көрмеу) – Басы /жарғақ құлағы/жастыққа тимеу – «нздіксіз дамыл таппау, дем алмау, ұйықтамау».

3) *Başında değirmen döndürmek* (басында диірмен айналдыру) – Басына әңгір таяқ ойнату – «әмірін жнргізу, нстемдік жасау, қудалау, жнндей тнту».

4) *Başının etini yemek* (басының етін жеу) – Құлақ етін жеу – «есін шығару».

5) *Bir ayağı çukurda olmak* (бір аяғы шұңқырда болу) – Бір аяғы кәрде, бір аяғы жерде болу – «кәртею, әлетін мезгілі таяу».

6) *Dili açılmak /çözülme/* (тілі ашылу/шешілу/) – Тілі шешілу – «сәйлей бастау».

7) *Dili geçmemek* (тілі әтпеу) – Тісі батпау – «шамасы келмеу».

8) *Dili bağlanmak* (тілі байлану) – Тілі байлану <> Тілі байланып қалу – «нні шықпай, сәйлей алмай қалу».

9) *Dili tutulmak* (тілі тұтылу) – Тілі байлану <> Тілден қалу <> Тіл-жағы байлану <> Тілі кнрмелу – «қорыққаннан, науқастан, еріксізден, т.б. сәйлей алмау қалу».

10) *Dili varmamak* (тілі бармау) – Тіл-ауызы бармау <> Айтуға ауызы бармау – «тнрлі себеппен бір нәрсені айта алмау».

11) *Dilini bulmak* (тілін табу) – Тілін табу – «жолын, ыңғайын табу».

12) *Dilini utmak* (тілін жұту) – Тілін жұту – «нн шығармау, нндемеу».

13) *Dilinin ucunda olmak* (тілінің ұшында болу) – Тілінің ұшында тұру – «бір сөзді біле тұрса да, есіне тнсіре алмау».

14) *Diş bilemek* (тіс қайрау) – Тісін қайрау – «кіжінуді, айбат көрсету».

15) *Diş /turnak/ göstermek* (тіс/тырнақ/көрсету) – Кнш көрсету – «қоқан-лоққы көрсету».

16) *Dizini vurmak /dövmek/* (тізесін ұру) – Тізесін /санын/соғып қалу/ұрып қалу/ - «қапы қалу, соңынан әкіну».

17) *El vermek* (қол беру) – Қол ұшын беру /тигізу/ - «қолғабыс ету, көмек көрсету, жәрдемдесу».

64) *Eli açık* (қолы ашық) – Қолы ашық /жазық/- «жомарт, береген, мырза адам».

65) *Eli kısa* (қолы қысқа) – Қолы қысқа – «кедей, жарлы, қалтасы жұқа». Адамның кәңіл-кнйіне байланысты:

Қуану:

1. *Ayakları yere değmemek* (аяқтары жерге тимеу) – «қатты қуану» - аяғын жерге тигізбеу – «кәкке көтеру, мақтау, құрметтеу, қолдан-қолға ауыстыру, жнгірту».

2. *Başı göğe değmek* (басы кәкке тию) – тәбесі кәкке жету/екі елі тимей қалу/; /жетпей қалу/ - «қатты қуану».

3. *Dananın kuyruğu koptu* (тананың құйрығы жарылды) – «қорқынышпен кнткен жағдай болды» - Ақ тнйенің қарны жарылды – «асыға кнткен қуанышты жағдай болды».

Қорқу:

4. *Canı ağzına /boğazına, burnuna/ gelmek* (жаны аузына /тамағына, мұрнына/келу) – Жаны мұрнының ұшына келу – а) «не істерін білмей тығырыққа тірелу»; ә) «қатты қорқу».

5. *Canı çıkmak* (жаны шығу) – Жаны шығу/ шығып кете жаздау/ - а) «қатты қорқыныштан»; ә) «қатты аурудан».

6. *Canı kalmamak* (жаны қалмау) – Жаны қалмау – «зыр жнгіру, безек қағу».

7. *Canı sıkılmak /kalmamak/* (Жаны сығылу/қалмау/) – Жаны шығу/қысылу/, шығып кете жаздау/ - «қиналу, ауыр жағдайға тап болу».

8. *Canını dişine takmak* (жанын тісіне тағу) - /шыбындай/ жанын шнбберекке тню – «нлкен қауіп-қатерге, тәуекелге бел байлау».

Тәрт тнлік малға байланысты:

1. *At koşturacak kadar* (ат шаптырымдай) – «әте кең» - ат шаптырым <> тай шаптырым – а) «қашықтық әлшемі ретінде»; ә) «әте нлкен, кең».

2. *At çaldıktan sonra ahırın kapısını kapamak* (ат тұрланғаннан кейін қораның есігін жабу) <> *On birden /ikindiden/ sonra dükkân açmak* (он бірден \намазшамнан/кейін днкен ашу) – «кеш қалу» - мәтел: Ақсақ қой тнстен кейін маңырайды.

3. *At oynatmak* (ат ойнату) – Ат ойнату – «ұрыс, жанжал шығару, мінез көрсету».

4. *Ay boynuzlu öküzler* (ай мнйізді өгіздер) – «мнйіздері жарты ай тәрізді болып келген өгіздер» - Ай мнйізді қошқар/ақ серке/ - «мықты, қуатты».

5. *Deveyi /pireyi/ gözünden vuran* (тнйені /бнргені/ кәзінен ұрған) – Құралайды кәзге атқан – «мерген».

6. *Deveyi hamuduyla utmak* (тнйені қамытымен жұту) – Тнйені тнгімен жұту – «ашкәздікпен, қомағайлықпен кәзіне көрінгеннің бәрін ала беру, қолтығының астына баса беру».

Наным-сенімге байланысты:

1. *Ateşe körükle gitmek* (отқа кәрікпен бару) – отқа май қыю – «істі ушықтыра тнсу».

2. *Ateşle oynamak* (отпен ойнау) – Отпен ойнау – «қауіп-қатерге бас тігу».

Қасиетті сандармен берілген фразеологизмдер:

1. *Dokuz ayın çarşambası bir araya gelmek* (тоғыз айдың сәрсенбісі бір араға келу) –

Тоғыз қатынның толғағы қатар келу – «қат-қабат шаруаға килігу».

2. *Dokuz parça olmak* (тоғыз бәлік болу) – Сан /он/саққа жнгіру <> Ойы онға бәліну – «не істерін білмеу, дал болу, есі шығу».

3. *Dört ayağını bir yere getirmek* (тәрт аяғын бір жерге келтіру) <> *iki ayağını bir rabuca koymak /sokmak/* (екі аяғын бір шәркейге қою /соғу/ - Екі аяғын бір етікке тығу <> Екі аяғын кәктен келтіру – а) «масқарасын шығару»; ә) «еш нәрсеге мұршасын келтірмеу».

4. *Dört gözle beklemek* (тәрт кәзбен тосу) – Тәрт кәз болып тосу /кнту/ - «сарылып пзак

тосу».

Әдебиеттер

1. Қайдаров Ә.Т.Этнолингвистика\ Білім және еңбек.-А.,1985.№10.50б.

2. Н.Уәлиұлы «Фразеология және тілдік норма» Алматы, 1998жыл 126 бет.

3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бнгін, ертең. А.: Ғылым, 1999.

4. Ömer Asım Aksoy «Atasözleri ve deyimler sözlüğü».

5. Аманжолов А.С., Құрманбаева Ш.Қ. Түрікше-қазақша фразеологиялық сәздік.

А.:1999 45 бет.